

# Қазақстандағы Ұлттық Кеңсе

Мемлекеттік заң босқындардың мүдделерін **қорғап**, олардың қызығушылықтарын **ескеруін** және босқындардың **жергілікті ықпалдастығын қолдауын** қамтамасыз ету

Азаматтығы жоқ тұлғаларды **анықтау** және **қорғау**, сондай-ақ **азаматтығы жоқтықты азайту** мен **алдын алу** үшін билік мекемелеріне қолдау көрсету

Азаматтық және босқындар туралы ұлттық заңдарды **халықаралық үлгіге** сәйкестендіруге жәрдемдесу



Photo: UNHCR/ Izburgan Aldauyev

UNHCR үкіметпен және үкіметтік емес серіктестермен бірлесе отырып, азаматтығы жоқтықты жою және Идрис сияқты азаматтығы анықталмаған адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды алуына, әлеуметтік-экономикалық қолдауға қол жеткізуіне және Қазақстанның тұрақты дамуына үлес қосуына кепілдік беру үшін жұмыс істейді.

## Негізгі көрсеткіштер\* (2024 жыл 30 маусымдағы жағдай бойынша)



**669**

**Босқындар мен пана іздеушілер**

Ауғанстаннан (348), Украинадан (232) және басқа елдерден.



**8,019**

**азаматтығы жоқ тұлғалар**

оның ішінде 7,436 азаматтығы жоқ тұлға  
Үкіметте және 583 азаматтығы белгісіз тұлға  
UNHCR тіркеуінде тұр.

\* UNHCR бұқаралық ақпарат құралдарындағы үкіметтік есептерге сүйене отырып, Қазақстанда 65,511 адам босқындар жағдайына ұқсас жағдайда деп санады, яғни олар шыққан елінен тыс жерде және босқындар кездесетін қауіптерге там болу қауіпі бар.



Қазақстандағы операция Орталық Азия бойынша UNHCR Өкілдігі негізінде үйлестіріледі. 2024 жылы Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстандағы босқындарды, пана іздеушілерді және азаматтығы жоқ адамдарды қорғау үшін UNHCR 10.03 миллион доллар қажет етеді. 2024 жылдың 31 тамыз жағдайына сәйкес операцияның қаржыландыруы 48% құрайды.

## БАЙЛАНЫСТАР

**Думитру Липкану**, Орталық Азиядағы UNHCR өкілінің орынбасары, [lipcanu@unhcr.org](mailto:lipcanu@unhcr.org)

**Ирина Билялова**, Ұлттық кеңсенің басшысы, [bilyalov@unhcr.org](mailto:bilyalov@unhcr.org)

**Марико Холл**, Сыртқы байланыстар бойынша кеңесші, [hallma@unhcr.org](mailto:hallma@unhcr.org)

## Босқындарды қорғау

Босқындардың көпшілігі Қазақстанда жылдар бойы, тіпті ондаған жылдар бойы тұрып жатыр. Олар жергілікті тілде сөйлейді, көбісі Қазақстан азаматтарымен туыстық байланыста. Дегенмен, тұрақты тұру мәртебесі болмаса, олар көптеген әлеуметтік-экономикалық құқықтарға және Қазақстан Республикасы азаматтығын алуға қол жеткізе алмайды.

Қазақстан 1951 жылғы Босқындардың мәртебесі туралы конвенцияға және оның 1967 жылғы Хаттамасына қатысушы мемлекет болып табылады. Босқындар туралы конвенцияға өзінің міндеттемесін растай отырып, 2023 жылғы Босқындар жөніндегі жаһандық форумда Қазақстан бес міндеттеме берді, оның ішінде босқындар мен пана іздеушілердің аумаққа кедергісіз қол жеткізуін және пана беру рәсімдерін қамтамасыз ету үшін қайта бағыттау рәсімдерін қабылдау, босқындардың азаматтармен және тұрақты тұратын шетелдіктермен тең дәрежеде медициналық көмекке, жұмысқа, білім алуға және әлеуметтік көмекке тең қолжетімділігін қамтамасыз етуді міндеттенді.

UNHCR пана беру рәсімдерін күшейту, ұлттық заңнаманы жетілдіру мақсатында және барлық босқындардың білім, денсаулық сақтау және жергілікті интеграция сияқты құқықтар мен қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін үкіметпен жұмыс жасайды.

## Азаматтығы жоқтық мәселесін шешу

Заңды жеке куәлігі болмаса, азаматтығы жоқ тұлғалар көбінесе білім, денсаулық сақтау, жұмысқа орналасу және қозғалыс еркіндігі сияқты негізгі құқықтар мен қызметтерге қол жеткізу барысында қиындықтарға тап болады. UNHCR серіктестермен бірлесе отырып, азаматтары анықталмаған адамдарды анықтау және құжаттандыру және азаматтығы жоқ адамдардың көбеюінің алдын алу үшін үкіметке қолдау көрсетеді.

2014 жылы «Азаматтығы жоқтықты тоқтатуға арналған #IBelong» жаһандық науқаны басталғаннан бері Қазақстан тұлғаның азаматтықты анықтау жүйелерін енгізді, барлық балалардың туу кезінде тіркелуін және ата-анасының заңды мәртебесіне қарамастан туу туралы куәлік беруін қамтамасыз ету үшін заңнамаға өзгерістер енгізді және 14,000-ға жуық азаматтығы жоқ тұлға азаматтық дәрежесіне ие болды. 2023 жылғы босқындар мәселелері бойынша жаһандық форумда Қазақстан азаматсыздықты барынша азайту және азаматтығы жоқ адамдардың санын натурализация арқылы азайту үшін тиісті кепілдіктерді белгілеуді міндеттенді.

UNHCR ұлттық азаматтық және азаматтығы жоқтық туралы заңдарды халықаралық үлгілерге сәйкестендіруге қолдау көрсетуін жалғастырады және Қазақстанның азаматтығы жоқтық туралы 1954 және 1961 жылғы конвенцияларына қосылуын қолдайды.



**UNHCR босқындар және азаматтығы жоқтық туралы Қазақстан ұлттық заңнамасының талдауын оқыңыз**

## Серіктестермен жұмыс

Үкіметтік әріптестер қатарына Сыртқы істер, Ішкі істер, Әділет, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Білім және ғылым министрліктері, сондай-ақ Шекара қызметі, Қазақстанның Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл аппараты кіреді.

UNHCR азаматтық қоғаммен, соның ішінде Адам құқықтары және Заң үстемдігі жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросымен, Қазақстанның Қызыл Жарты Ай Қоғамымен және «Сана Сезім» әйелдер бастамаларының құқықтық орталығымен, сондай-ақ Қазақстандағы академиялық және жеке сектормен тығыз серіктестікте жұмыс істейді.

БҰҰ Елдік тобының және БҰҰ Тұрақты даму ынтымақтастығы шеңберіндегі Қазақстандық бағдарламасының мүшесі ретінде UNHCR босқындардың, пана іздеушілер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстанның Тұрақты даму мақсаттарынан қалыс қалмауын қамтамасыз ету үшін БҰҰ және даму серіктестерімен, халықаралық қаржы институттарымен және басқа да мүдделі тараптармен белсенді түрде әрекеттеседі.

## Донорларымызға алғыспен

**UNHCR Қазақстандағы Ұлттық Кеңсеге тікелей жарналар үшін, сондай-ақ мақсатсыз және икемді қаржыландыру донорларына алғыс білдіреді:** Австралия | Бельгия | Дания | Еуропалық Одақ | Франция | Германия | Ирландия | Нидерланды Корольдігі | Норвегия | Корея Республикасы | Швеция | Швейцария | Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі | Америка Құрама Штаттары

**UNHCR жеке донорлардың үлесін жоғары бағалайды:** Australia for UNHCR | China | España con ACNUR | Italy | Japan for UNHCR | Republic of Korea | UNO-Flüchtlingshilfe



[reporting.unhcr.org/kazakhstan](https://reporting.unhcr.org/kazakhstan)



[twitter.com/UNHCR\\_Cent\\_Asia](https://twitter.com/UNHCR_Cent_Asia)



[facebook.com/unhcr.ca](https://facebook.com/unhcr.ca)



[data.unhcr.org/en/situations/centralasia](https://data.unhcr.org/en/situations/centralasia)



[instagram.com/unhcrcentralasia](https://instagram.com/unhcrcentralasia)

UNHCR босқындар мен пана мәселелері бойынша ақпаратқа немесе кеңеске мұқтаж кез келген адам үшін электрондық пошта мен «сенім телефондарын» жүргізеді. Қашуға мәжбүр болған адамдар байланыс контактілерін және жаңартылған ақпаратты [help.unhcr.org/centralasia](https://help.unhcr.org/centralasia) сайтынан таба алады.